

## ГЕОГРАФИЯ

*Нұсқау: Сізге берілген төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тапсырмалар беріледі.*

1. Атмосфералық қысымды анықтайтын құрал
  - A) гигрометр
  - B) термометр
  - C) барометр
  - D) нивелир
2. Сызықтар, штрихтар, бояу түстер арқылы құбылыс, үдерістерді бейнелейтін диаграмма
  - A) кесте
  - B) графика
  - C) формула
  - D) постер
3. Үлкен Виктория шөлі орналасқан материк
  - A) Аустралия
  - B) Африка
  - C) Еуразия
  - D) Солтүстік Америка
4. Картада ерекше түспен берілген мемлекет



- A) Бразилия
- B) Уругвай
- C) Мексика
- D) Аргентина

5. 2012 жылы БҰҰ-ның қоршаған ортаны қорғауға байланысты өткізген конференциясы
- А) «Нью-Йорк+22»
  - В) «Рио+20»
  - С) «Женева+25»
  - Д) «Токио+10»
6. «БРИКС» халықаралық ұйымына мүше мемлекет
- А) Германия
  - В) АҚШ
  - С) Жапония
  - Д) Бразилия
7. Зерттелетін аумақта 6 айдан аса уақыт өмір сүріп жатқан тұрғындар
- А) уақытша тұрып жатқан халық
  - В) маятникті
  - С) тұрақты халық
  - Д) тіркелген халық
8. Христиан дінінің тармағы
- А) католицизм
  - В) ламаизм
  - С) синтоизм
  - Д) сикхизм
9. Қазақстанмен шеғара сызығы ең қысқа ел
- А) Ресей
  - В) Өзбекстан
  - С) Түрікменстан
  - Д) Қытай
10. Қазақстанмен Каспий теңізі арқылы шектесетін мемлекеттер
- А) Иран, Өзбекстан
  - В) Ресей, Қытай
  - С) Әзірбайжан, Иран
  - Д) Қытай, Қырғызстан
11. Жер бедері формалары атауларын зерттейтін топонимика саласы
- А) ойконимдер
  - В) дромонимдер
  - С) оронимдер
  - Д) комонимдер

12. Ғарыштық түсірілімдегі географиялық нысан



- A) Иран қыраты
  - B) Эфиопия қыраты
  - C) Мексика қыраты
  - D) Бразиль қыраты
13. Жан басына шаққандағы әлемдік гектармен өлшенетін табиғатқа күш түсірудің көрсеткіші
- A) «инновациялық технология»
  - B) «экономикалық реформа»
  - C) «әлемдік гектар»
  - D) «экологиялық із»
14. Экспорттық және импорттық құрылымында өңдеуші өнеркәсіп, ғылыми-техникалық прогресс өнімі басым елдер тобы
- A) аграрлы
  - B) дамыған
  - C) дамушы
  - D) периферия
15. Жер көлемі бойынша жетінші орындағы мемлекет
- A) Үндістан
  - B) Канада
  - C) Қазақстан
  - D) Пәкістан

16. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап ғаламдық мәселелерді зерттеумен айналысатын ғылым саласы
- A) ноосфера
  - B) геоглобалистика
  - C) фактология
  - D) биология
17. Оңтүстік жартышарда орналасқан арал
- A) Ява
  - B) Тайвань
  - C) Мадейра
  - D) Куба
18. Табиғатты пайдаланудың институционалдық функциясына жатады
- A) сараптама және аудит
  - B) экологиялық болжау
  - C) норма және заң шығару
  - D) экономикалық болжау
19. Маңғыстау облысының аймақтық дамуындағы негізгі кедергі
- A) теңіз жағалауында орналасуы
  - B) кен орындарының барлануы
  - C) тұщы судың жетіспеушілігі
  - D) халық санын көп болуы
20. Халықтың өмір сүру деңгейін жақсартуда мемлекет үкіметі тарапынан қамтамасыз етілуі тиіс қажеттіліктер
- A) жұмыспен қамту
  - B) үй қызметшісімен қамту
  - C) қызықты шаралармен қамту
  - D) тегін транспортымен қамту

**Нұсқау:** Сізге контекст негізіндегі ұсынылған төрт жауаптан бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары беріледі. Контексті мұқият оқып, берілген тапсырмаларға дұрыс жауап беріңіз.

### Антарктида

Антарктида - Оңтүстік полюс аймағында орналасқан материк. Көлемі 14 млн. шаршы км. Антарктида Атлант, Үнді және Тынық мұхиттарымен қоршалған. Антарктиданы 1820 ж. орыстың саяхатшылары Беллинсгаузен мен Лазарев ашқан. Антарктида планетамыздың ең суық, ең желді және ең үлкен шөлді аймағы. Материктің кейбір аудандарында соңғы 2 миллион жылда жаңбыр да, қар да жаумаған. Есесіне кейбір жерлерде желдің жылдамдығы 320 км/сағ-қа дейін жетеді. Ондағы мұз жамылғысы планетамыздың тұщы суының 80%-ын алып жатыр және мұз жамылғысының қалыңдығы 1,6 км-ге жетеді. Соңғы кездегі әлемдегі орташа температураның көтерілуі нәтижесінде 2000 ж. көлемі 11 мың км<sup>2</sup> болатын үлкен айсберг жарылып, бөлініп кетті.


21. Антарктида жағалауын шайып жатқан мұхиттар саны
  - A) 4
  - B) 3
  - C) 2
  - D) 5
22. Антарктида материгі ашылған кезең
  - A) XVIII ғасырдың ортасы
  - B) XVIII ғасырдың аяғы
  - C) XX ғасырдың басы
  - D) XIX ғасырдың басы
23. Антарктидадан айсбергтердің бөлініп шығу себебі
  - A) жер сілкінісі әсері
  - B) цунамидің болуы
  - C) желдердің жылдамдығы
  - D) ғаламдық жылыну әсері
24. Антарктиданың ең шөлді аймақ аталуының себебі
  - A) тасты шөлдердің болуы
  - B) өсімдік жамылғысының жұтаңдығы
  - C) жауын-шашынның болмауы
  - D) материкте ылғалдың болмауы
25. Антарктида материгіне ғана тән ерекшелік
  - A) ең аласа материк
  - B) жанартаулардың болмауы
  - C) барлық меридиандар кесіп өтуі
  - D) тұщы судың жетіспеуі

*Нұсқау: Сізге бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар беріледі.*

26. Орталық Азияны зерттеген этнограф-ғалым(-дар)

- A) С.Дежнев
- B) Ш.Уәлиханов
- C) Ф.Геблер
- D) И.Петлин
- E) И.Ребров
- F) Г.Стенли

27. Табиғат жағдайы күріш өсіруге қолайлы облыс(-тар)



- A) Қызылорда
- B) Ақтөбе
- C) Шығыс Қазақстан
- D) Ақмола
- E) Қостанай
- F) Алматы

28. Солтүстік экономикалық ауданда орналасқан күкіртті сутекпен көп ластанған қала(-лар)

- A) Шымкент
- B) Балқаш
- C) Аягөз
- D) Өскемен
- E) Семей
- F) Павлодар

29. Шаруашылық салаларын орналастыруға ықпал ететін дәстүрлі фактор(-лар)
- A) теңіз маңы
  - B) ғылым
  - C) еңбек ресурсы
  - D) көлік
  - E) тұтынушы
  - F) экологиялық
30. Жер көлемі бойынша алғашқы үштіктегі мемлекет(-тер)
- A) Қазақстан
  - B) Алжир
  - C) Канада
  - D) Ресей
  - E) Қытай
  - F) Франция
31. «635» топтық эксперттік әдісінің талабы (талаптары)
- A) сарапшыға идея ұсынуға 5 мин. беріледі
  - B) әр сарапшы 3 идея ұсыну керек
  - C) сарапшылар бірін-бірі танымайды (анонимдік)
  - D) 6 сарапшы қатысады
  - E) қарама-қайшы идеяларды ұсынады
  - F) пікір алмасу арқылы ортақ шешімге келеді
32. Суретте бейнеленген мемлекеттер



- A) АҚШ
  - B) Аргентина
  - C) Үндістан
  - D) Канада
  - E) Қытай
  - F) Бразилия
33. Қазақстанның солтүстік экономикалық ауданындағы экологиялық деңгейі қауіпті аймақ(-тар)
- A) Арал теңізінің акваториясы
  - B) Қапшағай бөгенінің аквальды кешені
  - C) Соколов-Сарыбай кен орны
  - D) Екібастұз өндірістік кешені
  - E) Семей ядролық полигоны
  - F) Павлодар өндірістік кешені

34. Өндірістік мамандандыру
- A) нарыққа басым түрде бір өнім ұсыну
  - B) өндірістік қызметтің бір түріне басымдық беру
  - C) нарыққа әртүрлі өнімдер мен қызметтер ұсыну
  - D) өндірістік қызметтің бірнеше түрін жүргізу
  - E) басқару қызметінің бірнеше түрін жүргізу
  - F) бір нарықта жұмыс жасау
35. X.Маккиндер картасы бойынша сыртқы жарты айға кіретін ел(-дер)
- A) ОАР
  - B) Аустрия
  - C) Қазақстан
  - D) Ауғанстан
  - E) Аустралия
  - F) Индонезия